

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнайы  
мемлекеттік архиві және оның аумақтық бөліністері шегінде архивтік  
анықтамаларды және/немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін беру**

<b>Мемлекеттік орган</b>	ҚР Ішкі істер министрлігі
<b>Қызметті алушылар</b>	жеке және заңды тұлғалар
<b>Қызмет көрсету орны</b>	1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ; 2) Министрліктің аумақтық бөлімшелері, оқу орындары; 3) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> "электрондық үкімет" веб-порталы.
<b>Қызметті көрсету мерзімдері</b>	күнтізбелік 8 (сегіз) күн
<b>Қызмет құны</b>	тегін
<b>Құжаттар тізбесі</b>	<p>1) <b>Көрсетілетін қызметті берушіге:</b> Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған өтініш. Сұрау салынған мәліметтерді растайтын құжаттар не олардың көшірмелері болған кезде өтінішке қоса беріледі; өкілеттігін растайтын құжат не көрсетілетін қызметті алушының мүдделерін үшінші адам ұсынған кезде, нотариалды куәландырылған сенімхат (жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады). Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушыдан осы тармақшада санамаланған құжаттар топтамасының қабылдағанын, құжаттарды қабылдаған адамның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) көрсете отырып, кіріс құжатты қабылдау күні мен уақыты және нөмірі белгіленген қызметті алушы өтінішінің көшірмесі болып табылады;</p> <p>2) <b>Мемлекеттік корпорацияға:</b> Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына Қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған өтініш. Сұрау салынған мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері болған жағдайда өтінішке қоса беріледі; өкілеттігін растайтын құжат не көрсетілетін қызметті алушының мүдделерін үшінші адам ұсынған кезде, нотариалды куәландырылған сенімхат (жеке басты сәйкестендіру үшін ұсынылады). Көрсетілетін қызметті беруші мен Мемлекеттік корпорацияның қызметкері мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық</p>

жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады;

3) **порталға:** көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қол таңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) не бір реттік пароль енгізу көмегімен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу. Болған жағдайда сұрау салуға сұрау салынған мәліметтерді растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері қоса беріледі.

**Қызмет көрсету нәтижесі**

Архивтік анықтама және/немесе архивтік құжаттың көшірмесі, не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру.

**Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты** <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020270#z12>